

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысының ХАТТАМАСЫ**
Онлайн форматта

Астана қ.

№ 13

2026 ж. 13.03., 15.00

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы Садубаева Ә.Н.

Модераторы: Қазақстан Республикасындағы Кодекс Алиментариус үйлестіруші м. ғ. д., профессор Н.М.Қарсыбекова

Қатысқандар: тізімге сәйкес (тізім қоса беріледі).

Күн тәртібі:

1. 2026 жылдың 1 тоқсанда атқарылған Кодекс Алиментариус ұлттық құрылымның жұмыс есебі.

Кодекс Алиментариус Ұлттық үйлестіруші, м.ғ.д., профессор Карсыбекова Н. М.

2. Кодекс Алиментариус 2026 жылға арналған Ұлттық құрылымының жұмыс жоспарын талқылау.

ҚР Кодекс байланыс тұлғасы, хатшы, м.ғ.к. Толысбаева Ж. Т.

3. Азық-түлік өнімдеріндегі ветеринариялық препараттардың қалдықтары жөніндегі Кодекс комитетінің дөңгелек хаттарымен жұмыс және CCPR/CCR/VDF бірлескен электронды жұмыс тобы. RASFF және INFOSAN хабарламалары бойынша жұмыс.

ИНФОСАН және РАСФФ үйлестірушісі Шарипов З. Ф.

4. Азық-түлік өндірісінің жаңа көздері мен жүйелері.

Кодекс Алиментариус Ұлттық үйлестіруші, м.ғ.д., профессор Карсыбекова Н. М.

5. Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күнін өткізу жөніндегі ұйымдастыру мәселелерін талқылау (2026 жылғы 7 шілде).

6. Әртүрлі.

Төраға:

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты.
Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы м.ғ.д., профессор Карсыбекова Н.М. 2026 жылғы 1 тоқсандағы Кодекстің Ұлттық құрылымының қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі: «Кодекс Алиментариус» комиссиясының Еуропа бойынша ФАО/ДДҰ үйлестіру комитетінің Жұмыс тобының тең төрағасы ретіндегі жұмысы, ұлттық сарапшылармен тұрақты жұмыс, ҚР ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің тапсырмаларын орындау.

2. Бұдан әрі ҚР Кодекс байланыс тұлғасы Толысбаева Ж.Т. кеңеске қатысушыларға ұлттық құрылымның 2026 жылға жоспарланған халықаралық және ұлттық деңгейдегі іс-шаралары туралы хабардар етті.

3. ИНФОСАН және РАСФФ үйлестірушісі Шарипов З.Ф. қатысушыларды Кодекстің бейіндік комитеттері (CCRVDF, CCPR) шеңберіндегі дөңгелек хаттармен, сондай-ақ РАСФФ және ИНФОСАН хабарламаларымен таныстырды.

Б.ғ.д., профессор Майканов Б. С. азық-түлік өнімдеріндегі ветеринариялық препараттардың қалдықтары жөніндегі кодекс комитетінің (CCEURO'28) жұмысына қатысуға қызығушылық танытты. Тіркелу уақыты бар, алайда жұмыс ағылшын тілінде жүргізіліп жатқанын және уақыт белдеуін ескере отырып, сессия Астана уақыты бойынша терең түнде өтетінін есте ұстаған жөн.

4. Азық-түлік өндірісінің жаңа көздері мен жүйелері туралы м.ғ.д., профессор Қарсыбекова Н. М. баяндама жасады.

Баяндама қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

ҚР ДСМ СЭБК техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы Садубаева Ә.Н. 2025 жылы ЕАЭО шеңберінде Ресей тарапы жүргізген «Қауіпсіздіктің гигиеналық талаптарын негіздеу және жәндіктерден алынған жаңа түрдегі өнімдердің тағамдық құндылығын зерттеу. Бақылау әдістерін әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысының бірінші кезеңі аяқталғанын хабарлады.

5. Кодекс Алиментариус Ұлттық үйлестіруші, м.ғ.д., профессор Карсыбекова Н.М. 2026 жылдың 7 шілдесінде Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күнін өткізу жоспарланғанын хабарлады.

ФАО/ДДҰ «Ауыртпалықтан шешімге дейін - барлық жерде қауіпсіз тамақ» тақырыбын жариялады, ұран «Азық - түлік қауіпсіздігі - әркімнің ісі» болып қала берді.

Кодекс Алиментариус мәселелер жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (КАВҮК) мүшесі Аутелеева Л.Т. ағымдағы жылы Халықаралық азық-түлік қауіпсіздігі күнін бірлесіп өткізуге мүдделілік туралы айтты.

Отырыс мүшелеріне осы іс-шараны ұйымдастыру бойынша өз көзқарасын ұсыну ұсынылды.

6. КАВҮК мүшесі Уалханов Б.Н. тағам рационын өзгертудің заманауи үрдістеріне байланысты азық-түлік тұтыну нормаларын қайта қарау қажеттілігі туралы мәселені көтерді.

«Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС Вице-президенті А.Б. Салханова осы мекеменің ғалымдары мен сарапшыларының заманауи зерттеулер мен деректерге сәйкес тамақ өнімдерін тұтыну нормаларын жаңарту ниеті туралы ақпаратпен бөлісті.

Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:


1. 2026 жылғы 1 тоқсандағы Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымының қызметі туралы есепті қабылдау және бекіту.
2. 2026 жылға арналған Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымының жоспарланған іс-шаралары туралы ақпарат назарға алынсын.
3. CCRVDF және CCPR Кодекс комитеттерінің дөңгелек хаттары, INFOSAN және RASFF хабарламалары туралы ақпаратты назарға алынсын.
4. Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күнін бірлесіп, 2026 жылдың сәуірінде Кодекс Алиментариус Ұлттық құрылымның мүдделі тараптармен онлайн кездесуін талқылау өткізуді ұйымдастыру.

Басқарма төрағасы



Садубаева Ә.

Хатшы



Толысбаева Ж.

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2026 жылғы 13 наурыз

№	Аты-жөні, лауазымы
1	Ә.Н. Садубаева - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы
2	Н. М. Қарсыбекова - Ұлттық сараптама орталығының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақтастық секторының меңгерушісі
3	Тағашев Е. – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитеті басқармасының басшысы
4	Бекибаева Б.Дж. – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің "Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы" жұқпалы емес аурулардың қауіп факторларын мониторингілеу және талдау бөлімінің бас маманы
5	Майканов Б.С. - «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
6	Аутелеева Л.Т. - «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ветеринарлық санитария кафедрасының қауымдастырылған профессоры
7	Салханова А.Б. – «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС Вице-президенті
8	Шарипбаева А.Ш. - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС жетекші маманы
9	Абдулдаева А.А. - Академик Ерболат Дербісәліұлы Даленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының директоры
10	Тарджибаева С.К. - Академик Ерболат Дербісәліұлы Даленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері
11	Уалханов Б.Н. - «Қазақстанның картоп пен көкөніс өндірушілерінің Одағы» заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігінің Төрағасы
12	Толысбаева Ж.Т. - Қазақстан Республикасының Кодекс байланыс тұлғасы, КАВҮК хатшысы, ҰСО Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің ғылыми Басқару және халықаралық ынтымақ секторының маманы
13	Шарипов З.Ф. – ҰСО Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің ғылыми Басқару және халықаралық ынтымақ секторының маманы